

Тауар шығарылған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 497 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылды 28 қаңтарда № 8311 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 4-НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 10.01.2022 № 4-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 16-1-бабы 7-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тауар шығарылған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін анықтау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерін жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті (Р.А. Сәтбаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын заңнамада белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін.

3. "Тауар шығарылған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің 2009 жылғы 29 қазандығы № 291 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 10 қарашада № 5849 болып тіркелген және 2010 жылғы 18 ақпанда № 25 "Заң газетінде" жарияланған).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және жаңа технологиялар  
министрінің міндеттін атқарушысының  
2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 497  
бұйрығымен бекітілген

**Тауар шығарылған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерін жүзеге асыру қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тауар шығарылған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар тауар шығарылған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметтерінің және сараптама актісін жасау және беру тәртібін айқындаиды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:  
өтініш беруші – тауардың шығу тегі туралы сертификатты алуға мүдделі жеке немесе занды тұлға;

сараптама ұйымы – штатында тауардың шығу тегін сараптау, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын тауар шығарылған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторы бар занды тұлға.

4. Тауардың шығу тегін сараптауға, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындауға (бұдан әрі – Сараптау) мыналар кіреді:

1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7372 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрі міндеттін атқарушысының 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 441 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығу тегін растайтын құжаттар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көрсетілген құжаттар және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 қазандығы № 1647 қаулысымен бекітілген Тауар шығарылған елді анықтау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың шығу тегі туралы сертификатты рәсімдеу, куәләндіру және беру жөніндегі ереженің (бұдан әрі – Тауар шығарылған елді анықтау ережесі) 45-тармағында көрсетілген құжаттар сараптамасы;

2) сыртқы белгілер, таңбалау бойынша тауарды сәйкестендіру (атауы, түрпаты, түрі, орамасы, класы, дайындаушы кәсіпорын);

3) жеткілікті қайта өндеу өлшемінің сәйкестігін айқындау және тауардың қосымша құнын айқындау мақсатында тауар шығарудың технологиялық процесінің сараптамасы.

5. Біліктілік атtestатын алған және Тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың тізіліміне енгізілген сарапшы-аудитор Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесіне сараптама жүргізеді және сараптамалық қорытындыға қол қояды.

6. Сарапшы-аудитор тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың толық пакетімен өтінімді ұсыну және тіркеу сәтінен бастап екі жұмыс күні ішінде тауардың Сараптаманы жүзеге асырады.

## **2. Тауар шығарылған елді, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлар қызметінің тәртібі**

7. Тауар шығарылған елді айқындау, Сараптама актісін құрастыру және беру Қазақстан Республикасынан экспортталатын, кері экспортталатын тауарларға және ішкі айналымға арналған тауарларға жасалады.

8. Қазақстан Республикасынан экспортталатын, кері экспортталатын тауардың шығарылған елін айқындау, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау үшін сарапшы-аудитор, тауар:

1) толығымен қазақстанда шығарылғандығын;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1478 қаулысымен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімде және Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың № 2454/93 Регламентінде келтірілген тауарды жеткілікті дәрежеде қайта өндеу өлшемдерін ескере отырып (бұдан әрі – тауарларды жеткілікті дәрежеде қайта өндеу өлшемдерін ескере отырып, қазақстанда шығарылған) қазақстанда шығарылғаны;

3) Кеден одағы;

4) шетелде шығарылғандығын белгілеуі тиіс.

9. Қазақстан Республикасынан экспортталатын, кері экспортталатын тауардың Сараптамасымен байланысты жұмыстарды сарапшы-аудитор Тауардың шығарылған елін айқындау ережесінің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім негізінде шарттық және өтініш беруші Тізбеке сәйкес ұсынған құжаттар пакеті негізінде жүргізеді.

10. Сараптама нәтижесі бойынша сарапшы ұйым Тауардың шығарылған елін айқындау ережесінің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан

Республикасынан экспортталатын, кері экспортталатын тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін өтініш берушіге береді, онда тауар:

- 1) толығымен қазақстанда шығарылған;
- 2) жеткілікті қайта өндеу өлшемін ескере отырып, қазақстанда шығарылғаны;
- 3) Кеден одағы;
- 4) шетелде шығарылғаны көрсетіледі.

11. Ішкі айналымға арналған тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау үшін, тауар:

- 1) толығымен қазақстанда шығарылған;

2) Тауар шығарылған елді айқындау ережесінде белгіленген тауарды жеткілікті қайта өндеу өлшемін ескере отырып, қазақстанда шығарылғаны белгіленеді.

12. Ішкі айналымға арналған тауар шығарылған елді айқындау жөніндегі сараптамамен байланысты жұмыстарды сарапшы-аудитор Тауар шығарылған елді айқындау ережесінің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім негізінде шарттық және 45-тармақта көрсетілген құжаттар пакеті негізінде жүргізеді.

13. Сараптама нәтижесі бойынша сарапшы ұйым Тауар шығарылған елді айқындау ережесінің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін өтініш берушіге береді, онда тауар:

- 1) толығымен қазақстанда шығарылғаны;
- 2) Тауар шығарылған елді айқындау ережесінде белгіленген тауарды жеткілікті қайта өндеу өлшемдерін ескере отырып, қазақстанда шығарылғаны көрсетіледі.